



УДК:332.12(574)

**Акишева Дана Мұратбекқызы**

докторант, Қазақ инновациялық гуманитарлық-заң университеті, Семей қ.  
e.mail: dana\_m@mail.ru

**Абылкасимова Жибек Ануарбековна**

доктор PhD, Семей қаласының Шәкәрім атындағы мемлекеттік университеті, Семей қ.  
e.mail: zhibekmm@mail.ru

### **ДЕПРЕССИВТІ АУДАНДАРДЫ ИНДУСТРИЯЛДЫ-ИННОВАЦИЯЛЫҚ ЖАҢҒЫРТУДЫҢ САРАЛАНҒАН ҰЙЫМДАСТЫРУШЫЛЫҚ – ЭКОНОМИКАЛЫҚ МЕХАНИЗМІ**

*Бұл мақалада басты мәселе аумақтар мен өңірлерде тиімді экономикалық-индустриялық ұйымдастыру әдістерінің сараланған жүктемесін қолдану, жетілдіру, жаңғырту әдістері ұсынылған. Жеке мәселелерді қарастыру келесі құрамдас бөліктерден тұрады: құқықтық, ұйымдастырушылық, қаржы-экономикалық, ғылыми-зерттеулік және ақпараттық. Жаңа шешімде стратегиялық бағыт көрсетілген, өңірлерді дамыту, индустриялық-инновациялық стратегияның негіздері, траекторияны таңдап алу, оңтайлы бағытта осы әдістерді тиімді пайдаланып, іске асыру бағыттары реттелген.*

**Түйін сөздер:** жаңғырту, инновациялық даму, индустрияландыру, өңір.

*В статье предлагается использовать дифференцированный подход при выборе эффективных организационно-экономических механизмов модернизации территорий. В частности, предлагается использовать следующие компоненты: правовой, организационной, финансово-экономический, научно-исследовательской и информационный. Разработан новый подход, позволяющий определить основные стратегические направления развития регионов по индустриально-инновационной траектории и подобрать наиболее оптимальные механизмы реализации этих направлений.*

**Ключевые слова:** модернизация, инновационное развитие, индустриализация, регион.

*The article proposes to use a differentiated approach when choosing effective organizational and economic mechanisms for the modernization of territories. In particular, it is proposed to use the following components: primary, organizational, financial and economic, research and information. A new approach has been developed that makes it possible to determine the main strategic directions for the development of regions along an industrial-innovative trajectory and to select the most optimal mechanisms for the implementation of these directions.*

**Keywords:** modernization, innovative development, industrialization, region.

Қазақстан экономикалық даму деңгейі, инфрақұрылым объектілерін қамтамасыз ету, инвестициялық мүмкіндіктерді көрсететін табиғи және экономикалық потенциалдың болуында елеулі аймақаралық айырмашылықтары бар мемлекет болып табылады. Қазақстанның даму кеңістігінің ерекшеліктері, оның жеке аймақтарының түрлі

деңгейде дамуы, шаруашылық құрылымындағы айырмашылықтар, нарықтық реформа жылдарында дағдарыстық процестердің тереңдеуі, оларды іске асыру формалары біздің еліміздің аймақтарын теңсіздік жағдайына әкелді, бұл өз кезегінде оларды терең дифференциациялауға әкелді. Сондықтан Қазақстан Республикасы Президенті

Н.Ә.Назарбаев «Қазақстан 2050 стратегиясында мемлекеттің жаңа саяси бағыты аймақтардағы әлеуметтік-экономикалық жағдайды теңестіру және оны жүзеге асырудың жаңа тиімді механизмдерін қалыптастыру міндетін нақты айтып өтті. Экономикалық өсу жағдайында осы міндеттерді шешу үшін өңірлік саясатта жаңа науқан қажет, бұл өңірлердің экономикалық даму деңгейін ғана емес, сонымен қатар бүкіл елде халықтың әл-ауқатын қамтамасыз ету бағытталған.

XIX ғасырдың басы саяси өңірлерді және өңірлерді басқаруға сипаттама беру парадигмасы өңірлерді басқарудың даму жолдарының тиімділігін арттыру мен басқарудың жаңаша әдістері мен жолдарының алдыға дамыған кезі. Қазіргі таңда кез келген өңірдің экономикасы жаңа техникалық даму мен экономикалық көзқарастың ілгерлеу нәтижесінде жүзеге асуда. Яғни, өңірлердің бәсекелестік қабілетінің жоғарғы деңгейде дамуы және жаһандану, ішкі өзіндік факторларды қолдану нәтижесінде жүзеге асырылып жатыр.

Қазақстанның аумақтық дамуы, табиғи географиялық және шаруашылық жағдайында әртүрлі және ілгері дамуы әр өңірдің ішкі аспектісіндегі үрдістің озық нәтижесінде болуда. Сонымен қоса жаһандану үрдісі де көш ілгері дамып келеді. Бір жағынан индустрия өндірістің дамуына мүмкіндік ашады, өңірлердің жаңаруына табиғи ресурстарды әр өңірде тиімді пайдалануға негізгі фактор болып табылады.

Индустрияландыру ең бастысы, жаңа технологиялық бағыты- ол еңбекке жарамды ресурстар, қалдықсыз су, қалдықтар технологиясы, техникалық жетілдірілген қалдықтар, осының бәрі өндірістің даму факторына әсер етеді.

Индустрияландыру аралас аймақтық факторлардың ауқымы және қарқыны бойынша, екінші жағынан: технологиялық даму дәрежесі, облыс экономикасы, ғылыми негізді қамтамасыз ету, штаттық кесте қолжетімділігі және отын мен энергетика ерекшеліктері, минералды шикізат, жер, су, реакциялық ресурстары мен қоршаған ортаны қорғауға шектеулер болып табылады.

Осылайша, 2014 жылғы 14-қаңтардағы ҚР Президенті Н.Ә. Назарбаевтың «Бір мақсат, бір мүдде, бір болашақ» атты Жолдауында инновациялық- индустрияландыру үрдісін түзету және нығайту міндеті тұр. Осыған

байланысты Қазақстанның өңірлерін индустриалдық-инновациялық жаңғыртудың тиімді ұйымдастырушылық және экономикалық тетіктерін дамыту мәселесі қолға алынған. [1,6 3]

Қазақстан экономикасын жаңғырту үшін әртүрлі жұмыстар мен экономикалық жұмыс жүйесі қарастырылған. Технологиялық даму секторын жүйелі түрде іс жүзінде асыру үшін шикізат өнімін дамыту қажет.

Осы жұмыстарды қолға алу және ілгері дамыту үшін жаңа білім ошақтары мен институттар ашу керек және қаржылай ресурстармен жаңа технология үлгісі ғана емес, сонымен қатар шетелдерде коммерциялық жағдай жасау ісін де қолға алу қажет. Бұл жұмыстарды индустриалдық-инновациялық жағдайды ғана емес, өңірлік саяси жағдайда қалыптастыру керек.

Қазақстан индустриализациясы тек белгілі бір жүйеде ғана экономикалық жаһандану өңірлерінде дамып қана қоймай, ол белгілі бір нақты істе жүзеге асуы тиіс. Өңірлік факторлар тек индустриалдық жаһандануға ғана емес, ол Қазақстан дамуының факторына да әсер етеді.

Кеңестік индустриализация кезеңінде Қазақстан өңірлерінің көптеген аймақтарында ірі экономикалық даму орын алды. Бұл жұмыс жалпыкеңестік еңбек бөлінісі қызығушылығы кезінде өткізілгендіктен, Қазақстанның басты өңірлері экономикалық қарым-қатынаста басқа кеңестік республикалармен тығыз байланыста болды: Солтүстік Қазақстан Орал және Сібірмен, Батыс-Волга және Оралмен, Шығыс-Алтай және Сібірмен, Оңтүстік Орта Азиямен.

Бұл аймақтардың әлеуметтік-экономикалық даму деңгейінде елеулі саралауға әкелді және интеграциялық проблемаларды тудырды. Ұлттық экономиканың тәуелсіз даму сатысында бірыңғай кешенді жұмыс жасалынды. Қазақстанның индустриялық жаһандануының ең басты факторы ол аймақтық өңірлердің даму факторы. Осыдан барып аймақтың дамуы үшін индустриаландыруды дамыту жұмысының өзара байланыстылығын шешу басты мәселе болып табылады. Мысалы, индустриализацияның басты мәселесі өңірлер ресурсын кілтін жабу, елдің инновациялық дамуын қамтамасыз ету, ол өңірдің стратегиялық дамуының бастысы артта қалып жатқан аймақтарға қолдау көрсету. Бұл индустриаландыру мен өңірлік саясаттың арасындағы ізденістің шешіміне негіз болды. Әлемдік тәжірибеге сүйенсек барлық аймақтар

бойынша даму нәтижесінде Қазақстан көш ілгері басып келеді.

Әлемдік тәжірибеге қарасақ, Қазақстан мемлекеті өзінің еңбекке қажетті бәсекелестік қабілеті жағынан алдыңғы елдер қатарына кіруге әбден мүмкін және аумақтық деңгейі жағынан да мүмкіншілігі бар деген пікірмен келген. Экономиканың жаһандану процесіне қарасақ, индустрияның өсу қарқыны да өңірлерде даму үстінде. Әр өңірдің индустриясы сол өңірге тән үрдіспен дамып келеді.

Өңірлердің табысқа жетуі- орналасқан ресурстардың, жердің артықшылықтарына, инфрақұрылымның қажеттілігіне, білікті адами капиталдың болуына байланысты екен. Бұл барлық ірі қалалардың ең жоғары технологиялық кәсіпорындары шоғырланған жеріне тән. Оның қатарына жоғары және орта технологиялық салаларда жұмыс жасайтын өңірлер болып табылады. Олар тиімді геоэкономикалық жағдайға ие болатын өңірлер: теңізге шығатын, экспорттық өнімдерді және еркін экономикалық аймақтарда шекара құратын тасымалдау шығындарын төмендету, ресурстары қарқынды дамып жатқан өңірлер.

Ең алдымен, ұйымдық, экономикалық жүйені қолданасыңа енгізетін белгілі бір байланыстар мен элементтердің жиынтығын атап өту керек. Сонымен, индустриализациялық-инновациялық жаһандану әртүрлі экономикалық-ұйымдастырушылық механизм арқылы қалыптасады, өңірдегі экономиканың сай келмеуі, өңірдегі халықтың орналасуы әл-ауқатының белгілі жүйеде қамтамасыз етуі арқылы іске асырылады. Қазіргі заманға сай индустриялық-инновациялық инфрақұрылымды жаңғырту және қалыптастыру үшін экономикалық шаруашылық іс-әрекетінің жаңа түрлерін жасау қажет, сонда өңірлердің жаһандану- жаңғырту жұмысы көш ілгері дамиды. Осы орайда облыстың саяси индустриялық-инновациялық өркендеуі үшін мынандай талаптар қажет етеді, біріншіден үкіметтің қолдауымен жәрдемдесуі арқылы инвестиция- инновациялық әрекетті белсенді түрде қалыптастыру және тиімді әдіс- тәсілдерді бірлесіп жасау, өндірістің дамуында бәсекелестік қабілетті арттыру, кәсіпорынның рентабельді жұмысын, жергілікті тұрғындардың әлеуметтік құқығын қорғау, осы арқылы өңірді жаһанданудың индустриалды-инновациялық базасын толықтай жасап жағдай тудыру керек. Біздің алдыңғы зерттеулер нәтижесінде аталып өткендей, Қазақстан өңірлері әлеуметтік-

экономикалық және инновациялық-технологиялық көрсеткіштер бойынша дифференциалдық негізге тән маңызды өңір болып саналады.

Бұл дифференциация Қазақстан өңірлеріндегі әлеуметтік-экономикалық жағдайдың біртекті емес екенін айқындайды және индустриалды-инновациялық жұмыстардың дамуына белгілі бір ықпалын, ауыртпалығын тигізетінін көрсетеді. Елдің өңірлік жоспары жоғары деңгейде бірыңғай болмаса, ол өңірдің экономикасының дамуы қиындыққа соғады және сол өңірдің саяси ахуалына талапта жоғарылайды.

Сондықтан, бұл факторларды алпауыт мемлекеттермен қоса, әртүрлі өңіраралық және ұлттаралық қатынастағы шағын мемлекеттер де есеруі тиіс (Мысалы, Испания, Италия, Бельгия). Өңірлік теңсіздіктің өсуі әзірге белгісіздік қалпында тұрса, ол экономикалық белсенділік көптеген өңірлерде ерекше белсенділікпен шоғырланған Алматыда (18,7%), Атырау облысында (10,3%), Қарағанды облысында (8,5%), Астанада (9%) осындай көрсеткіштер бар, бұл тізімге соңғы жылдары Маңғыстау облысы да кірген. Қазақстан өңірінің бұл жүйесінде 4 қала көрсетіледі (Астана, Алматы, Атырау, және Қарағанды облыстарында ЖЕК-тің жарты бөлігі (46,5%) соңғы 2% облыста үлестің төмендеуі байқалады.

Өңірлердегі әлеуметтік теңсіздіктің өзекті басты факторы- ол демографиялық ресурстардың толықтай дамымауы.

Республикада әр жыл сайын халықтың өсіміне зер салсақ, Оңтүстік өңірлер (Оңтүстік Қазақстан, Қызылорда, Жамбыл облыстары) осы жүйеде зор үлесін тигізіп келеді. Ал бұл кезде Солтүстік өңірлерде халық өсімі бірқалыпты сақталған.

Өңірдің әл-ауқатының тиімділігі мен жүзеге асыруын қалыптастырудың жаңа жолдары ол «білім экономикасы, яғни ғылым мен технология процесін күшейту, ақпарат, жаңа қаржылық құрылымдар мен әдістерді жүйелендіру, нарықтық қорға кіру мен қатар ұлттаралық капиталды дамыту жұмыстарын жандандыру болып табылады. Соған қоса, осы айтылған мәселерден бөлек өңірлердің бір-бірімен дамуын жұмылдыру, әртүрлі ресурстарды қолданудың тиімді жақтарын іске асыру қажет. Ол үшін саналы түрде дифференциалды ыңғайлы әрі тиімді шешімдер жасау керек.

Істің оң шешімін табу үшін өңірлердің өзіне тән ерекшеліктерін зерделеу керек, сол арқылы қажетті ресурстарды пайдаланып, істің оң шешімін табуы тиіс (жоғары экономикалық көрсеткіш, индустриясы дамыған, агроөнеркәсіптік, индустрия-инновациялық көрсеткіші жоғары өңірлер, жаһандану жүйесі толық дамымаған, күйзелісте жүрген өңірлер).

Дифференциалдық істің шешімін табу үшін:

а) инвестицияның сапасын арттыру мақсатында мотивациялық тәсілдерді қолдану, яғни жаңа жоғарғы технологиямен жұмыс істеуге ынталандыру, білімін жетілдіру, ақпарат, маркетинг ісімен жұмыс істеу;

б) өңірлерде инвестициялық жұмыс жүргізу үшін қажетті қаржылай құралдарды кең ауқымда қолдануды қамтамасыз ету;

в) инвестициялық ресурстарды қордаландыру үшін тиімді жоғары біліктілік дағдысын қалыптастыру;

г) инвестиция ісін басқарып отырған мамандардың жауапкершілігін арттыру, олардың біліктілігін арттыру үшін инвестиция жүйесін жандандыру;

д) жергілікті деңгейде саяси басқару үшін өңірдің экономикасының даму мүмкіндігін анықтау;

е) өңірге лайықталған жоба мен бағдар бойынша инвестицияны қосымша қажетті құрал-жабдықтармен жабдықтау. Сондықтан әр өңірдің экономикалық-ұйымдастырушылық механизмін іске асыру үшін істің тиімді әрі оң шешімін табу қажет. Одан әрі индустрия-инновация жұмысын жетілдіру үшін, дифференциалды экономикалық-ұйымдастырушылық механизмнің әр өңірге лайықталып жасалған жобасын ұсынамыз. [3, б.15]

Айта кететін бір жайт, әр өңірдің индустриалдық-инновациялық құрылымын жаңғырту үшін, өңірдің аумақтық және құқықтық деңгейі, ғылыми-зерттеушілік, қаржы-экономикалық, ақпараттық компоненттердің механизмін тұжырымдап осы арқылы іске асыруы керек. Осыған қарай компоненттерді жүйелейді:

Кесте 1 Аймақтың индустриалды-инновациялық құрылымын жаңарту компоненттері.

№	Компонент	Атауы	Мазмұны
1	1 компонент	Институттық механизм	Мұнда өңірдің құқықтық заңға сәйкес тиісті құжаттары мен шаралары топтастырылған. Бұл заң шығарудың жүйесі жергілікті өзін-өзі басқару ұйымымен үкімет орындаушыларының арасындағы жауапкершілікті реттеу бағыты.
2	2 компонент	Құрылымдық-ұйымдастырушылық механизм	Бұл өңірді басқару қызметінің тиімділігін арттыру қызметі мен мекемелердің бірлесе отырып, жұмыс істеу механизмі. Бұл механизм өңірдің дамуына мемлекеттік стратегия, жекелеген қалалар мен республиканың даму стратегиясына байланысты құжаттар мен әртүрлі жоспарлардың жиынтығы.
3	3 компонент	Қаржылай-экономикалық механизм	Қаржы және экономикалық рычаг жүйесіндегі бөлімдердің әр кезеңде жұмыс істеу жүйесі. Мұндай механизм өңірдің дамуында қаржылай қамтамасыздандыру мүмкіндігін анықтайды, соған қоса өңірдегі өнеркәсіп пен нарықтық қарым-қатынас жүйесінде қолдану қызметін реттейді.
4	4 компонент	Ғылыми-зерттеу механизмі	Аумақтың даму стратегиясында түрлі ғылыми-әдістемелік жұмыстар, жаңа маман кадрлар даярлау, ғылыми-зерттеу және білім беру мекемелері арасында тығыз байланысты жүзеге асыру механизмі.

5	5 компонент	Ақпараттық механизм	Өңірдің динамикасын жедел түрде ақпараттандыру, арнайы мекеме мен қызмет орындарының арасындағы байланыс жүйесін қарастырады.
---	-------------	---------------------	---

Бірінші компонентте өңірдің жағдайына сай әлеуметтік және экономикалық мәселелерді шешу актісі мен нормативтік-құқықтық актілер жиынтығы мен «ҚР өзін-өзі басқару және жергілікті мемлекеттік басқару», « Бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы Салық Кодексі», « ҚР банк және банк қызметі туралы» Қазақстан Республикасының Конституциясы ұсынған жүйелер мен заңдар жиынтығы қарастырылған.

Бесінші компонентте тиісті ақпараттық хабарды алғаннан кейін, өңірдің экономикалық өсу және демографиялық өсуі жұмыстарына жергілікті үкімет орындары тарапынан жағдайлар жасау, тиісті шешімдер табу, шешімін таппаған жағдайлардың салдарынан хабардар беру жұмыстары қарастырылады. Осы орайда арнайы ақпараттық сервисті қолдануға болады. Бұл сервис сол өңірге, сол ортаға лайықты тиісті ақпараттық хабарды толықтай алуға болады және хабардар етеді.

Жоғарыда көрсетілген компоненттерге сүйене отырып, өңірлерді жахандандыру және жаңғырту үшін жаңа индустриалдық-инновациялық, экономикалық ұйымдастырылған механизмді өзара әрекеттеу

керек, өзін-өзі ұйымдастыру және өзін-өзі жетілдіру. Әр өңірдің дамуында жетістікке жету үшін, ол өңірдің ішкі тиімді факторларын жоғары деңгейде пайдалану, өңірдің мүмкіншілігіне сай экономикалық инновациялық жаһандану жұмыстарын қолдану нәтижесінде жүзеге асады.

Сондықтан осы ұсынылып отырған жаңа инновациялық жаңғырту жобасы ресурстардың тиімді, әрі дұрыс қолдануымен қатар, тиісті нәтиже беру мақсатында әлеуметтік-экономикалық стратегияның әр өңірде лайықты нәтиже беруге оңтайлы перспективтік қорытынды көрсету үшін жоспарланатын жоба деп саналады.

Өңірдің экономикасының дамуында әртүрлі стратегия мен әдістердің қолданылғанына қарамастан, әр аумақтың әлеуметтік гүлденуі сол өңірдің экономикалық және әлеуметтік жағдайына байланысты деген пікір тұжырымдалынады.

Қазақстан өңірлеріндегі экономиканың дифференциалды әрі тиімді дамуындағы негізгі міндеттердің бірі- ол аумақтың әл-ауқатының жоғарғы деңгейде дамуы деген оймен қорытындылаймыз.

#### Пайдаланылған әдебиеттер тізімі

1. «Бір мақсат, бір мүдде, бір болашақ» атты 2014 жылғы 14-қаңтардағы ҚР Президенті Н.Ә. Назарбаевтың Қазақстан халқына Жолдауы.
2. Региональная экономика и пространственное развитие. Т.1. Региональная экономика. Теория, модели и методы: учебник для бакалавриата и магистратуры/ под общ ред. Л.Э. Лимонова.- М: Издательство Юрайт, 2016-397б- Серия: Бакалавр и магистр. Академический курс.
3. Бримбетова И.Ж. Социально-экономическая дифференциация регионов Казахстана и стратегические приоритеты их развития/ Под ред. Акад. О.С. Сабдена- Алматы: Институт экономики МОН РК, 2006.-с3,26.
4. Гранберг А.Г. Основы региональной экономики: учебник для вузов. М., 2003.-С.

#### Акишева Дана Мұратбекқызы

**Лауазымы:** докторант, Семей қаласының Шәкәрім атындағы МУ «Қаржы» кафедрасының аға оқытушысы, Қазақ инновациялық гуманитарлық-заң университеті, Семей қ.

**Пошталық мекен-жайы:** 071407, Қазақстан Республикасы, Семей қаласы, 40 квартал, 1-үй, 27-пәтер  
сот тел:87014335960

#### Абылкасимова Жибек Ануарбековна

**Лауазымы:** Доктор PhD, Семей қаласының Шәкәрім атындағы МУ «Экономика» кафедрасының меңгерушісі, Семей қаласы

**Пошталық мекен-жайы:** Индекс 071407, Семей қаласы, Белоножко көшесі , 17-үй  
сот тел: 87772322531

**Депрессивті аудандарды индустриалды- инновациялық жаңғыртудың сараланған ұйымдастырушылық – экономикалық механизмі**

**Акишева Дана Мұратбекқызы**

**Должность:** докторант, старший преподаватель кафедры «Финансы» ГУ имени Шакарима, Казахский гуманитарно-юридический инновационный университет, г. Семей

**Почтовый индекс:** 071407, Республика Казахстан, г. Семей, 40квартал, дом 1, кв 27

**сот тел:** 87014335960

**Абылкасимова Жибек Ануарбековна**

**Должность:** Доктор PhD, заведующая кафедрой экономики государственного университета Шакарима города Семей

**Почтовый индекс:** 071407, Республика Казахстан, г. Семей, ул. Белоножка дом 17

**сот тел:** 87772322531

**Дифференцированный организационно-экономический механизм индустриально-инновационной модернизации депрессивных районов**

**Akisheva Dana Muratbekyzy**

**Position:** Doctoral student, Kazakh Humanitarian Juridical Innovative University, senior lecturer of the Department of Finance Shakarim state University of Semey

**Mailing address:** 071407, Republic of Kazakhstan, Semey, 40 quarter, house 1, apt 27

**Cells. Ph:** 87014335960

**Abylkassimova Zhibek Anuarbekovna**

**Position:** PhD Doctor, Head of the Department of Economics of the Shakarim state University of Semey

**Mailing address:** 071407, Republic of Kazakhstan, Semey, st. Belonozhko 17

**Cells. Ph:** 87772322531

**The differentiated organizational-economic mechanism of industrial-innovative modernization of depressed areas**